

БЛАГОДАРИЯ ЧЕТКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА, ПРАВИЛЬНОЙ РЕГУЛИРОВКЕ РАБОТЫ ПО ПОДХОДУ ПОЕЗДОВ ДИСПЕТЧЕРСКИМ АППАРАТОМ И СЛАЖЕННЫМ ДЕЙСТВИЯМ СМЕННЫХ РАБОТНИКОВ СТАНЦИИ ДОСТЫК УДАЛОСЬ УСТАНОВИТЬ СУТОЧНЫЙ РЕКОРД ПО ПЕРЕДАЧЕ ПОЕЗДОВ В КИТАЙ.

Нурым ЖАНИЯЗОВ,
директор Алматинского отделения грузовых перевозок



№30 (2960)
05/04/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫЛЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ҚҰЖАТЫ ЖЕТІЛДІРІЛМЕК

Астанада Теміржол ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) Көлік заңнамасы жөніндегі комиссиясы сарапшыларының Халықаралық теміржол көлігімен жүк тасымалы (СМГС) туралы келісімді жетілдіру бойынша отырысы басталды. Іс-шараға Әзербайжан, Беларусь, Венгрия, Грузия, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Моңғолия, Польша, Ресей және ТЖЫҰ комитетінің өкілдері қатысуда.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Басқосуда ҚР Көлік министрлігінің өкілі Ақтан Рабаев құттықтау сөз сөйлеп, ТЖЫҰ көлік заңнамасын жетілдіру бойынша бірлескен жұмыс ТЖЫҰ-ға мүше барлық елдердің тасымалдау көлемін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

«Қазақстанда жылдан жылға көлемі ұлғайып жатқан транзиттік жүк тасымалының өтуін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, алдағы үш жылда 1300 шақырым жаңа темір жол салынбақ. Сонымен қатар Қытай Халық Республикасымен Қазақстан арасындағы үшінші теміржол өткелі, Бақты – Аягөз темір жолының құрылысы жоспарлануда. ҚХР мен ЕО арасындағы контейнерлік пойыздардың жалпы көлемінің 40%

құрайтын Сиань құрғақ портында (ҚХР) 2024 жылы қытайлық серіктестермен бірге логистикалық терминал ашылды, ол қытайдың Шэньси қаласын Қазақстанмен, Орталық Азиямен және одан әрі Еуропамен байланыстырады», – деді Ақтан Рабаев.

Ол сондай-ақ Қазақстандағы жүк тасымалының жоғары өсімін атап өтті. Оның айтуынша, пайдаланылудағы жүк айналымы өткен жылы 270 млн тонна-км құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 7%-ға артқан. Соның ішінде контейнерлердегі транзиттік тасымалдау 1 млн 28 мың ЖФӨ-ні құраған, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,5 пайызға артық.

«Төрт күн ішінде сарапшылар халықаралық тасымалдағы жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі іргелі құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізумен айналысатын болады. Бұл жүкті бірыңғай стандартпен тасымалдауға көмектеседі деген ойда-

мыз. Осы арада атап өтерлігі, жүкқұжаттамасы тек жоғары стандарттар үдесінен шығып қана қоймай, келісімге қатысушылардың жүк тасымалы тиімділігін арттыруға және ұлғайтуға қатысты сенімінен шығуы тиіс. Осы мақсатта жұмыс комиссиясы жыл сайын кездесіп, уақыт талабына сай логистикаға қатысты жыл сайын болып жататын жаңашылықтарды назарға алып, СМГС құжатына тиімді толықтырулар мен өзгерістер енгізе отырып, негізгі құжатты жетілдірумен айналысады», – дейді ТЖЫҰ Көлік құқығы жөніндегі комиссия төрағасы Елена Олексей.

Сонымен қатар отырыс барысында Қазақстан тарапы ұсынған бірыңғай СМГС жүкқұжатының көмегімен тікелей халықаралық теміржол-су қатынасын дамыту жобасы талқыланды. Ал келелі кеңестің соңғы күнінде ТЖЫҰ Көлік заңнамасы жөніндегі комиссия сарапшылары хаттамаға қол қояды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПРОДВИЖЕНИЕ ЭКСПОРТА

АО «КТЗ Express» и оператор по продвижению отечественного экспорта АО «Центр развития торговой политики «QazTrade» подписали меморандум о сотрудничестве.

Документ предусматривает объединение усилий для продвижения казахстанского сырья экспорта. Такая коллаборация позволит обеспечить доступ к зарубежным рынкам сбыта казахстанских товаров с учетом предоставления оптимальных маршрутов поставки и минимизации транспортных расходов.

Для достижения этих целей стороны будут активно работать над созданием и развитием экспортных логистических мультимодальных сервисов, а также проработают вопросы интеграции информационных баз для оптимизации перевозочного процесса.

Асель ШАЙХЫНОВА

ОТ ПЕРРОНА ДО ДОМА

АО «Пассажирские перевозки» запустило услугу «От перрона до дома» еще на двух маршрутах. Теперь пассажирские маршруты № 71 «Шымкент – Астана» и № 7508 «Кокшетау – Астана» могут добраться до дома на комфортабельном трансфере с перрона железнодорожного вокзала столицы.

Трансфер будет ожидать пассажиров в течение 15 минут у зала прибытия № 1 вокзала «Нұрлы жол». Транспорт отправляется в путь независимо от заполненности салона. Благодаря разрешению на использование автобусной полосы он доставит людей быстрее, чем автобус. Стоимость проезда остается фиксированной и составляет всего 850 тенге.

– Национальный перевозчик стремится обеспечить максимально комфортные условия для пассажиров, начиная с момента их прибытия на вокзал и заканчивая их прибытием домой. С момента запуска услуги «От перрона до дома» ею воспользовались более шести тысяч пассажиров, что подтверждает высокий спрос и популярность данной услуги среди граждан. Сегодня мы запустили данную услугу еще на двух маршрутах, – отметил председатель правления АО «Пассажирские перевозки» Жанибек Тайжанов.

Ранее данная услуга была доступна только в трех пассажирских поездах: № 3 «Алматы – Астана», № 67 «Оскемен – Астана» и № 85 «Шымкент – Астана».

Айлин БАУРЖАН

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Көлік вице-министрі Сәтжан Аблаиев Үкіметтегі азаматтарды қабылдау орталығында ел тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Мәселен, теміржол вокзалдарына қатысты өтініш берушіге 2019 жылдан бастап Алматы-1 және Алматы-2 станцияларында халықтың мобильділігі төмен топтары үшін жағдай жасалғаны туралы айтты. Алматы-1 вокзалында кондиционері бар демалыс бөлмесі ашылған, сонымен бірге көмекке шақыру түймешектері, №1 билет кассасының жанында және касса залы мен күту залы арасында арнайы көтергіштер орнатылған. Ғимаратта және іргелес аумақта мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жолдар төселіп, мүгедектерге арналған арбалар сатып алынған. Сонымен қатар санитарлық тораптарға жөндеу жүргізіліп, «Арал» платформасына аталған санаттағы азаматтарды қауіпсіз жеткізу үшін 2 жаңа лифт орнатылғаны айтылды.

Алматы-2 вокзалында да демалыс бөлмесі жөнделіп, көмекке шақыру түймешектері мен 3 пандус орнатылған. Сондай-ақ билет кассасының қолжетімділігі көзделіп, ғимаратта және іргелес аумақта арнайы жабықталған жолдар төселген. Оған қоса санитарлық тораптар жөнделіп, мүгедектер арбалары сатып алынған және мобильділігі төмен азаматтарды вагондарға қауіпсіз отырғызу және одан түсіру үшін арнайы көтергіштер де қарастырылған.

Ислам ТАЛҒАТ



Қайраткен НЫМЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Вагон шаруашылығы
департаментінің атқарушы
директоры:

– ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫНА ПОЙИЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІ, ВАГОН ПАРКІНІҢ САҚТАЛУЫ ТАҚЫРЫПТАРЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ТЕХНИКАЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒЫТТА ДА, КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУАТЫН, КАДР САЯСАТЫ БОЙЫНША ДА БІЛІМ БЕРІЛДІ. ЕНДІ ОЛАР ОСЫ АЛҒАН БІЛІМІН ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕ ӨЗГЕ ӨРІПТЕСТЕРІНЕ ТАРАТЫП, ОЛАРДЫҢ ДА ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУІ ТІІС

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ПАРК АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ПОПОЛНИЛСЯ

50
НОВЫМИ ПОЛУВАГОНАМИ.

ОКОЛО
70
НАЧАЛЬНИКОВ ПУНКТОВ ТЕХНИЧЕСКОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ ПРОШЛИ КУРСЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ.

БОЛЕЕ
60 км
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ДОРОГ КАПИТАЛЬНО ОТРЕМОНТИРУЮТ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 2024 ГОДУ.

Тасқынға-тосқын

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

Бір аптадан бері елді дүрліктірген су тасқыны мәселесі сейсенбі күні Үкімет отырысында сөз болды. Бүгінде Қазақстандағы 5 облыста, Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Ұлытау өңірлеріндегі магистральдық жолдар бойында су жиналуы байқалады.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Осыған орай автомобиль және темір жолдардың жағдайы мен дайындығы туралы Көлік министрі Марат Қарабаев мәлімет берді. Теміржолда ұлттық оператор тасқынға қарсы 45 пойыз жасақтап, 292 вагон мен 247 платформаны қажетті материалдармен толтырып

дайындап отырғанын айтқан ведомство басшысы төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп 83 су қоймасы мен бөгеттердің жағдайы тексерілгенін жеткізді.

– Барлығы 3 556 дана көпір, 6 356 дана құбыр, 2 024 км кювет және 550 км таулы арық тазартылды. Бүгінгі таңда барлық жерде тұрақты бақылау жүргізілуде. 673 қауіпті орын

анықталып, есепке алынды. Олар ойықтар, өткізу қабілеті төмен құбырлар және т.б. Ақтөбе және Қарағанды облыстарында қауіпті учаскелер мен көпірлерде қозғалыс жылдамдығына сағатына 25 км-ге дейін шектеу енгізілді (Қандыағаш – Жем, Ізімбет – Жұрын, Жезқазған – Қоскөл учаскелері). Компания берген деректерге сәйкес қазіргі уақытта теміржолдарда жағдай

тұрақты, су басу және бұзылу қаупі жоқ, – деді көлік министрі Үкімет отырысында.

Айта кетсек, биылғы су тасқынына көптеген факторлар әсер еткен. Алдымен өткен күзде жауын-шашын көп түсіп, бұл топырақтың айтарлықтай ылғалдануына себеп болды. Содан кейін қатты аяз әсерінен ол топырақ қатты қалды да, қыста жауған қалың қар қатып жатқан жерге сіңбей, топырақ бетінде мұз қабаттарының пайда болуына әкелді. Бүгінгі таңда Қазақстанның қар басқан аумағы 27%-ды құрайды. Қазіргі таңда батыс өңірлерде судың шамалы төмендеуі және елдің орталық, солтүстік және шығыс бөліктерінде өзендер деңгейінің қарқынды өсуі байқалады.

ЭКОЛОГИЧНЕЕ И БЫСТРЕЕ

Более чем на 270 тысяч тонн уменьшили углеродный след компании, выбравшие в 2023 году сервисы совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА».

Любовь РОВБА,
Астана

Собственная система учета выбросов CO₂ разработана в компании еще в 2019 году. Стоит отметить, что железнодорожные перевозки в 1,5-2 раза экологичнее морских, в 5-6 раз – автомобильных и в

25-30 – авиа. Чтобы сделать сервис еще экологичнее и компенсировать часть выбросов, в прошлом году АО «ОТЛК ЕРА» высажено 13 700 деревьев.

На долю ОТЛК ЕРА приходится свыше 50% контейнерных перевозок в Казахстане. За 2023 год в сервисах АО «ОТЛК ЕРА» перевезено 674 011 ДФЭ.



Практически все они, а именно 98%, следуют через нашу страну. Контейнерные составы преодолели транзитом по маршруту Китай – Европа – Китай порядка 11,5 миллиона километров. Из Китая в направлении России и Беларуси – 9,5 миллиона километров, из России и Беларуси в Китай – 7,3 миллиона километров. Самый быстрый поезд в транзитном сервисе Китай – Европа находился в пути 5,27 суток.

Общая стоимость перевезенных грузов составила порядка 35,2 миллиарда тенге. В сервисах ОТЛК ЕРА сегодня перевозится 88% кодов ТН ВЭД 4 (товарной номенклатуры Внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза).

В феврале этого года в рамках очередного заседания Евразийского межправительственного совета подписан меморандум, который определяет новый этап развития железнодорожного транзита в сервисах АО «ОТЛК ЕРА». Так, железнодорожными администрациями Казахстана, России и Беларуси выражена готовность до 2026 года обеспечить переход на юридически значимый электронный документооборот и отказ от использования бумажной накладной ЦИМ/СМГС при оформлении международных перевозок для грузов, перевозимых транзитом по территориям этих стран.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖАҢА ТЕХНИКА АЛЫНДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау электрмен жабдықтау дистанциясына қытайлық Dongfeng EQ2120NL6DJ маркалы автокөлік келді. 7 орындық жол талғамайтын көлік электрлендірілген, барлық функциясы кнопкалар арқылы басқарылады.

Су жаңа техникаға ие болған ЭЧ жұмысшылары қуанышты. Дистанцияның бас инженері Абай Есқалиевтің айтуынша, көлік Атырау магистральдық желі бөлімшесінің 2023 жылдан 2024 жылға ауысқан инвестициялық бюджетіне сәйкес алынған. «Шыны керек, бұрынғы 2006 жылы алынған УАЗ көлігі өбден тозды, ал электр желісі мен бағандарын тексеруде көлік өте қажет. Сондықтан жуырда жол талғамайтын 1 дана жаңа көлік алдық. Ол жері сазды, балшықты болып келетін Аққыстау аудандық торабына берілді. Быыл осындай тағы 4 көлік келуі тиіс» дейді ол. Көлік электрлендірілген, барлық функциялары кнопкалар арқылы басқарылатын жеңіл және жайлы. Пайдалану мерзімі – 7-8 жыл. Аудандық торап учаскесінің қызмет көрсету аясы АБ және ПЭС-10 кВ 11-разъезд-Аққыстау-17-разъезд аралығын, жалпы ұзындығы 116 шақырымды қамтиды. Сөйтіп, Аққыстау аудандық торап мамандары жолсыз жерлерде жол талғамайтын көлікпен жүйткіп жүруге мүмкіндік алды.



Суретті түсірген автор

БІЛІКТІЛІК БӘЙГЕСІ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясында «Кәсіби білім сайысы» атты байқау өтті.



Біліктілік бәйгесіне Маңғыстау теміржолының белгі беру және байланыс саласы бойынша алыс-жақын жерлерде еңбек етіп жүрген теміржолшылардан алты команда сынға түсті. Әрқайсысында үш адамнан, барлығы 18 жұмысшы қатысты. Олар төрт кезеңнен тұратын тапсырмаларды орындап, күнделікті еңбек барысында кездесетін жұмыс жағдайлары мен болуы мүмкін ситуациялық сұрақтарға дайындықтарын көрсетті. Сайыс шарттарын орындай отырып, бір-бірінен тәжірибе алып, білмегенін үйренді.

– Жарыстағы төрт кезеңнің де мән-мағынасы, берері мол болатындай ұйымдастыруға тырыстық. Алғашында қатысушылар теміржол көлігіндегі техникалық пайдалану ережелері туралы нұсқаулық бойынша сұрақтарға жауап берді. Әрбір сұрақтың қиындығына қарай өзіндік ұпайлары есептелді. Екінші кезеңде теміржол көлігіндегі белгі беру туралы нұсқаулық бойынша бағдарламалық белгілердің көрсеткіштерінің мағыналарын табуы міндеттелді. Келесі шартымызда жан-жақты білімін жетілдіру мақсатында сканворд шешсе, соңғы турда практикалық тапсырмаларды орындады. Бұл қатысушылар үшін де тиімді байқау болды. Ұйымдастырушылар әрине қызметкерлердің білім деңгейін тексеріп, бағалайды. Ал сынға түскен жұмысшылар өздерін жетілдіріп, тәжірибе жинақтайды. Сондықтан мұндай жарыстар қай жағынан да өте пайдалы, – дейді дистанция кәсіподағының төрағасы Нұрбол Ғалымжан.

Сайыс нәтижесі бойынша үшінші орынды Ерсай – Боржақты, екінші орынды Үстірт – Бейнеу командалары алса, бірінші орын Маңғыстау станциясындағы электромеханик жігіттерге бұйырды. Олар 5-10 жылдық еңбек өтілі бар №16 бекеттің СОБ электромеханигі Наурыз Есбағанбетов, Маңғыстау станциясының байланыс электромеханигі Еркебұлан Сақыбек, Маңғыстау станциясының СОБ электромеханигі Ербол Ниетбаев.

Суретті түсірген автор

МӘСЕЛЕ – ОРТАҚ, ШЕШІМ – БІРЕУ



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша орын алған қауіпсіздікке кереғар жағдайларды сараптап, бөгде адамдардың, иесіз малдың пойызға басылуы секілді келеңсіз жайттардың алдын алу үшін қандай амал жасау керек, т.т. мәселелер дөңгелек үстел басында талқыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды, келісімдер жасалды.

Жиынға Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжановтың басшылығымен бөлімшенің қауіпсіздік қызметінің басшысы Бақытбек Сейенов, Қызылорда бөлімшесі бойынша аймақтық бас ревизор Алматы Молдашев, Көліктік бақылау комитетінің бөлім басшысы Еркін Тайғашев, ЖІБ полиция майоры Бақыт Айғали, аға лейтенант Серік Асанов, аймақтағы локомотив, жол, электрмен жабдықтау және белгі беру-байланыс дистанцияларының бас инженерлері қатысты.

– «ҚТЖ» ҰК» Магистральдық желі дирекциясы бойынша өткен жылы 12 адам, 650 мал басу оқиғасы орын алған, пойыз машинистері 95 рет шұғыл тежегіш қолданған. Ал біздің бөлімше бойынша белгіленбеген жерден өту салдарынан 3 адам басу, 28 мәрте мал басу орын алған, одан бөлек иесіз малдың жолға шығуынан тепловоз машинистері тағы 8 рет жедел тежегіш басып, тоқтауға мәжбүр болған. Өкінішке орай, мұндай жайттар биылғы жылы да қайталануда, – деді бөлімшенің бас инженері Берік Бекжанов жиынды ашып сөйлеген сөзінде.

Аймақтық бас ревизор Алматы Молдашев, жол бойындағы қайғылы жағдайлар жиі орын алатын жерлерді атап, сол маңайларды түгел тікенек сымдармен қоршау керектігіне назар аударды. Қаншама рет мектеп, оқу орындарында теміржолдың қауіпті аймақ

Теміржолшылар үшін пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау – ең маңызды міндет. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде өткен дөңгелек үстелде Түркістан-Сексеуіл, Сексеуіл-Қоскөл станциялары арасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету сөз болды.



екендігін түсіндіру жұмыстары жүргізілгенмен, бала-шаға жол бойына келіп ойнаудан тыйылмай отыр, ал жолдан өтемі деп тікенек сымға үстіндегі киімін ілдіріп, жырттып алғанын көрген ата-ана баласына бақылауды күшейтетін болар деген ойын жеткізді. Жол дистанциясының бас инженері Ақылбек Әбілдаев станция маңында теміржолды қоршау тікенек сыммен емес, тек арнайы темір қоршаулармен жүргізілетініне тоқталды. Бірақ темір қоршаудың орнатылуына көп уақыт пен қаражат жұмсалатыны сөз болып, адам өмірінің маңыздылығын ескере отырып жол бойын тікенек сыммен қоршау тиімді де үнемді деген де пікірлер айтылды. Сонымен қатар жолды күрделі жөндеуден өткізуші мердігер компанияға жол бойын қоршау жұмысын да қоса жасауды міндеттеу қажеттігі сөз болды.

Машинистің жедел тежегіш қолдану кезіндегі әрекетінің бейнетаспаға жазылуын міндеттеу жайын ортаға салған ЖІБ аға лейтенанты Серік Асанов, кейде мал басылды деп дабыл қағылғанмен, оқиға орнына жедел топ барғанда пойызға басылған малдың болмауы сирек те болса кездесетінін, қауіпсіздікке қатысты толтырылатын хаттамалар белгілі уақыт ішінде қағидаларға сай өткізіліп, тергеу амалдары

жергілікті уәкілетті құқық органдарымен жүргізілетіндігін жеткізді.

Тепловоз машинистерінің сапар бойынша әрекеті таспада бедерленетіні, тепловоздарды бейнекамералармен жабдықтау жұмысы жүргізіліп жатқанын айтқан депоның бас инженері міндетін атқарушы Жанатбек Жүнісов машинистермен өткізілетін күнделікті техникалық сабақтарға қатысып, қауіпсіздікке қатысты мәселелерді олармен де өткізуге қарсы емесін білдірді.

Жалпы, пойызға басылған мал иесін тауып, әкімшілік жауапқа тарту, өткелдерде биыл жүргізілген 25 рейд, 1126 адам қатысқан 34 рет жиын, оқу орындарында 4010 оқушы қатыстырылған тағы 23 түсіндіру жиынын өткізу, ҚР Кодексінің 559-бабына сәйкес 1431 адамға ескерту парақшаларын тарату, әлеуметтік желіге қауіпсіздік бейнероликтерін жариялау, 11 мәрте жергілікті әкімдіктерге хат жолдау, өткелдерге бейнекамералар орнату, т.т. шаралар қауіпсіздікке төнген қауіпті сейілткенімен, нәтижесі көңіл көншітерлік деңгейде емес деген қорытынды жасалды. Жиында айтылған пікір, ұсыныстар хатталып, қатысушылар ортақ мәселелердің шешімін бірге қарастыруға уағдаласты. Ал шешім біреу ғана – ол қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Суретті түсірген автор

КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМ САҚТАЛАДЫ

Су тасқынынан қатты зардап шеккен Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында қауіп әлі де сейілген жоқ. Бір жақсысы, бұл аймақтарда темір жол байланысына зақым келген жоқ. Жүк және жолаушылар пойыздары кідіріссіз жүріп, шалғай аудандарға азық-түлік, керек-жарақ жеткізуде.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Аймақта күшейтілген режим сақталып отыр. Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі (НЖС-11) пойыздар қозғалысы үшін қауіпсіздікті барынша күшейтті. Сазды, Қарғалы, Елек, Темір, Кенжалы өзендерінде су деңгейі күрт көтерілгені байқалды. Бөлімше бойынша жер төсемі мен темір жолдың шайылып кетуіне жол бермеу үшін бүкіл учаске бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар нәтижесінде темір жол бойына су келу оқиғасы тіркелген жоқ.

– Бүгінгі күні Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі бойынша жер төсемі мен темір жолдың шайылып кету қаупі жоқ. Судың қауіпсіз өтуі қамтамасыз етілген. Дегенмен, өзен арналарының толуы, ағыстың тоқтамауына байланысты әлі де күшейтілген режимде қауіпсіздік бақыланады, – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Бауыржан Хамзин.



Ақтөбе – Шалқар, Қандыағаш – Жем, Қандыағаш – Никельтау учаскесіне тәулік бойы кезекшілік қойылған. Барлық бекеттерде жұмыс топтары тасқын суды өткізіп отыр. Станциялар мен бекеттерде қызметтік-техникалық ғимараттардан су жолын бұру жұмыстары ұйымдастырылған. Бөлімшедегі МПТ, АГД, АС, ДГҰ дрезиналары және автотракторлық техникалар толық жұмылдырылған.

Темір жол бойының тасқын судан аман қалуы алдын ала қам жасап үйренген теміржолшылардың жоспарлы да тиянақты жұмыстарының нәтижесі екені айтпаса да

түсінікті. Ақтөбе НЖС-11 мекемесі тасқын суға дайындық жұмыстарын қаңтар айында бастады. Жыл басталғаннан мұзжарғыш пен тасқын суларды өткізуге арналған жасанды құрылыстар дайындалды. Дайындық шарасы кезінде 32 вагоннан тұратын 6 тасқынға қарсы пойыз құрылды. Оның ішінде 6 жабық вагонға тас, цемент, т.б материалдан бөлек арнайы киімдер қоры жасақталды. Ондаған вагонға бөгеттерге пайдаланылатын тастар тиеліп, 12 вагонға ескі темірбетон шпалдар және 4 вагон рельсті пакеттер дайындалды. 22 қаңтардан бастап пайдаланылған құрылған жедел штаб жұмыс істеуге кірісті. Жол шаруашылығы мен жасанды құрылыстарды көзтемге және тасқын суларды өткізуге дайындау жоспары жасалды. Нәтижесінде аймақтағы 546 көпір және мыңға жуық құбыр дер кезінде қардан тазартылды. Темір жол төсемінен жоғары орналасқан 16 бөгет пен су қоймасы тексеріліп, Орал, Ақтөбе облыстары аудандарының ТЖД қызметкерлерімен бақылау күшейтілді.

Суретті түсірген автор

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) 2024 жылдың 23 сәуірінде сағат 10:00-де (Астана қаласының уақытымен) мемлекеттік мүлік Реестрінің веб-порталында www.gosreestr.kz басталатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілуі туралы жариялайды. Объектілерді сату «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен

(2017 жылғы 16 наурыздағы №2 хаттама) бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның мүлкін сату қағидасына (бұдан әрі – Қағида) және «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 23 мамырдағы №66 хаттама) бекітілген Мемлекеттік меншік реестрінің веб-порталында мүлкіті сату бойынша электрондық сауда жүргізу регламентіне сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – Регламент).

Аукционға бағаны төмендету әдісі бойынша келесі объектілер қойылады:

Лоттың №	Атауы	Орналасқан жері	Теңгерім иесі - «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы	Шығарылған жылы	Мемлекеттік нөмірі	Алғашқы баға, теңге	Бастапқы баға, теңге	Төменгі баға, теңге	Кепілдік жарна, теңге
1	«SsangYong Chairman» автокөлігі	Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 127	Әкімшілік басқармасы	2013	033 RH 01	8 137 000	24 411 000	7 323 300	1 120 550

Саудаға қатысушыларды реестрдің веб-порталында тіркеу хабарлама реестрдің веб-порталында жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда басталғанға дейін екі сағат қалғанда аяқталады.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ-ның есепшотына төленеді: 050540004455, HSBKZKX БЖК, ИИК КЗ946017111000000330, КНП: 171, Кбс: 16, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің мақсаты: электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарнаның өлшеміне банктік қызмет атқарудың төлемақысы кірмейді).

Кепілдік жарна түрінде банктік кепілдік қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-

есептік орталық» АҚ-ның есепшотына уақытлы түсуі үшін өтінішті қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеуді ұсынады.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тізілім веб-порталымен қалыптасады және сауда-саттықты өткізу күні сатушы мен сатып алушының ЭЦҚ-ны қолдануымен қол қойылады.

Сауда-саттыққа жеңген қатысушымен сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы қол қойудан бас тартқан жағдайда сатушымен кепілдік жарна қайтарылмайды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамасы аукцион нәтижелерін белгілейтін және жеңімпазбен сатушының сату бағасы бойынша объектіні сатып алу-сату шартына қол қою

міндеттемелері туралы құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілімнің веб-порталы сауда-саттықтар нәтижелерін шығарған күннен бастап он күттізбелік күннен кешіктірмей қол қояды.

Аукционды өткізу тәртібі туралы ережелермен, сауда-саттыққа қатысуды рәсімдеу тәртібімен, Жеңімпазды анықтау тәртібі бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның www.railways.kz және «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында жұртшылыққа қолжетімді орналасқан Қағидамен және Регламентпен танысуға болады.

Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты 8 (7172) 603-504 («ҚТЖ» ҰК» АҚ) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) телефондары бойынша анықтауға болады.

ПРЕВЕНТИВНЫЕ МЕРЫ



СОВЕЩАНИЕ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Поводом встречи стал актуальный вопрос – наезды на людей и наличие скота в границах отделения магистральной сети. Учитывая прохождение железной дороги через населенные пункты мегаполиса и ее статус зоны повышенной опасности для жителей прилегающих территорий, обсуждались ситуации, когда в зону риска попадают подростки и дети, оставленные без присмотра родителей. Открывая совещание, первый заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев подчеркнул, что железнодорожники постоянно проводят комплекс мер для предотвращения наездов, осуществляется профилактическая работа с населением и учащаются. Только в ушедшем году проведено 53 собрания с участием 3 076 человек, 36 совместных рейдов с сотрудниками ЛОП. С начала года прошло 10 собраний с участием 138 человек и 11 рейдов. По недопущению наездов на скот железнодорожники регулярно



разъясняют населению правила выпаса и прогона скота через железнодорожный путь.

Организованы выступления руководства дистанции пути через средства массовой информации – по телевидению, в газетах. Направлены письма в местные акиматы. Уже с начала 2024 года проведено 18 собраний с охватом 252 человек, вручено 1 033 выписки, 1 215 ознакомлений владельцев скота, 22 письма направлены в местные акиматы, размещено восемь публикаций в СМИ, на вокзалах раздаются

пассажирам памятки.

На совещании говорилось, что любой наезд приносит тяжелую психологическую травму локомотивной бригаде, не говоря уже о поврежденности локомотива. Особую обеспокоенность вызывает эта проблема на участках Алматинской и Алтынкольской дистанций пути, где зафиксирована большая часть подобных происшествий. В ходе встречи было отмечено, что машинисты принимают все меры по предотвращению наездов на людей и скот. Серьезную озабоченность также вызывает

низкая водительская культура, по недопущению ДТП на переездах проведено 68 рейдов. Также говорилось и о хулиганских действиях подростков, которые буквально устраивают подвижные игры на путях, делают селфи на вагонах. Остаются наиболее опасными участками перегоны Алматы-1 – Алматы-2, Алматы – Медеу, Алматы – Бурундай, Бурундай – Аксенгир, Аксенгир – Шамолган. Особую тревогу вызывает участок пути Алматы-1 – Алматы-2, где совершается наибольшее количество экстренных торможений.


Адил Рысбаевич также отметил, что отделение охватывает три области: Алматинскую, Жетысускую и Абайскую, и для предотвращения наездов ведутся работы по строительству скотоизгородей. В частности, обсуждались вопросы о путепроводе на станции Шамалган, функционировании видеоканал системы «Сергек» на переезде 4 028-й километр.

В ходе совещания обсуждалась необходимость организации совместных рейдов в местах, где часто не удается определить владельцев скота, поэтому необходимо организовать рейды с участием представителей местных акиматов, ветеринарных врачей и сотрудников ЛОВД. Прокурор Алматинской транспортной прокуратуры Динмухамед Кемелов отметил необходимость размещения видеоканал на опасных участках железнодорожных путей, в частности на станциях Бурундай, Аксенгир и Жетыген.

Фото автора

ПЕРИОД ОСОБОГО ВНИМАНИЯ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ПАВОДОК

В Екибастузской дистанции пути филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» в период потепления возобновлены круглосуточные дежурства, проводятся обходы и объезды на локомотивах.

Напомним, водоборьба – это система организационных технических мероприятий по подготовке сооружений путевого хозяйства и объектов водоснабжения к пропуску весенних и ливневых вод. С наступлением весны дополнительно на стальной магистрали принимаются меры для обеспечения безопасности движения поездов, производится очистка искусственных сооружений мостов, труб, нагорных канав и кюветов от снега для пропуска воды. По Екибастузской дистанции пути сформирован противоразрывной поезд из пяти платформ и одного крытого вагона по станции Майкайын с необходимыми материалами, используемыми в случае паводковых ситуаций.

Стоит отметить, что на дистанции пути имеются «узкие» места, которые требуют особого внимания. Это металлический железнодорожный мост на 257-м километре, проходящий через канал Иртыш – Караганда, на котором надо вести наблюдение железобетонных конструкций. Из-за резкого потепления и поднятия грунтовых вод есть риск подтопления железнодорожного пути на 298-м километре четного пути перегона ОП-116 – Екибастуз-1. В связи с этим в период потепления проводятся круглосуточные дежурства, обходы и объезды на локомотивах в целях своевременного выявления нестандартных ситуаций, которые могут нарушить организацию безопасности движения поездов, – говорит руководитель Екибастузской дистанции пути Нурлан Аубакиров.

Водоборьба включает также комплекс мер по устройству водоотводов стрелочных переводов и пути с территории жилых, служебно-технических зданий и станционных постов, где задействованы 320 работников дистанции пути. Екибастузские железнодорожники прилагают максимум усилий для организации устойчивого перевозочного процесса в сложных метеословиях.

Учения

ОТРАБОТАЛИ НАВЫКИ ДЕЙСТВИЙ ПРИ ПОЖАРЕ

Совместное тактическое учение с участием личного состава пожарного поезда № 25 на станции Оскемен-1 провели железнодорожники Оскеменского региона и сотрудники департамента по чрезвычайным ситуациям ВКО.


Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По приказу заместителя директора Семейского отделения грузовых перевозок Марата Уалиева, для выезда пожарного поезда к месту возгорания под него подали локомотив, после чего он отправился в путь.

По информации начальника пожарного поезда Муханбета Омирбекова, спустя пять минут после их прибытия с поста ЭЦ станции Оскемен-1 начали эвакуацию людей, отключили

объект от электрической сети. Примерно в это же время боевое развертывание провели силы государственной противопожарной службы. Через 21 минуту от начала тушения пожара его удалось локализовать, не допустив дальнейшего распространения. Еще девять минут понадобилось, чтобы полностью потушить огонь.

Всего в тактических учениях, которые были плановыми, приняли участие 17 человек личного состава пожарного поезда, 12 человек со станции Оскемен-1, еще столько же сотрудников ДЧС ВКО, а также два работника Защитинской



дистанции сигнализации и связи. Помимо пожарного поезда, для тушения условного огня привлекли две автоцистерны областного департамента по чрезвычайным ситуациям. Как отметили по результатам учений, все участники хорошо справились с поставленными задачами.

Фото Муханбета ОМИРБЕКОВА

ГЛАВНОЕ – ОПРЕДЕЛИТЬ НАПРАВЛЕНИЕ

Сильный пожар в складском помещении АО «Кедентранссервис» на станции Костанай возник неожиданно.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Сварщики, нарушив правила техники безопасности при проведении работ, спровоцировали короткое замыкание электропроводки в щитовой. В результате вспыхнул пожар. К счастью, никто из сварщиков не пострадал. Не справившись с пламенем при помощи огнетушителя, они успешно покинули помещение и позвонили на «101».

Уже спустя считанные минуты на место возгорания устремились пожарные расчеты



Службы пожаротушения и аварийно-спасательных работ ДЧС Костанайской области, а также сформированной звеньев гражданской защиты станции Костанай. Всего же в тушении огня было задействовано пять единиц техники, противопожарный поезд станции Костанай и 52 человека личного состава всех

противопожарных подразделений. В скором времени пламя было локализовано, а затем и полностью ликвидировано.

Наблюдавшие за ходом данных учений члены специальной комиссии дали положительную оценку подготовке расчетов огнеборцев.

– Тушение такого сильного пожара в закрытом помещении – непростая задача даже для подготовленных огнеборцев, – подвел свой итог происходящему начальник государственной противопожарной службы Костанайского региона Султан Смамбаев. – И наши пожарные с этой задачей успешно справились. Еще одной из важнейших задач таких учений является отработка взаимодействия между сотрудниками службы ГУ Пожаротушения и аварийно-спасательных работ ДЧС Костанайской области, АО «НК «ҚТЖ», формированиями звеньев гражданской защиты.

Фото автора

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» (далее – АО «НК «ҚТЖ») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «НК «ҚТЖ», которые начнутся 23 апреля 2024 года в 10.00 часов (время Астаны) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация объектов осуществляется в соответствии с Правилами

реализации имущества АО «НК «ҚТЖ», утвержденными решением Совета директоров АО «НК «ҚТЖ» (протокол от 16 марта 2017 года № 2) (далее – Правила), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставяются следующие объекты:

№ Лота	Наименование	Местонахождение	Балансодержатель – филиал АО «НК «ҚТЖ»	Год выпуска	Государственный номер	Начальная цена, тенге	Стартовая цена, тенге	Минимальная цена, тенге	Гарантийный взнос, тенге
1	Автомобиль «SsangYong Chairman»	город Алматы, проспект Н. Назарбаева, 127	Административное управление	2013	033 RH 01	8 137 000	24 411 000	7 323 300	1 120 550

Регистрация участников торгов производится на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: HSBKZKX, ИИК: KZ9460171100000330, КНП: 171, Кбе: 16, АО «Народный банк Казахстана». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО

«Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос продавцом не возвращается.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-

продажи объекта по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «НК «ҚТЖ» www.railways.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 8 (7172) 603-504 (АО «НК «ҚТЖ») и 8 (7172) 55-29-81 (АО «ИУЦ).

ОЗДОРОВЛЕНИЕ ПУТЕЙ – ЗАЛОГ НАДЕЖНОСТИ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



БЕЗОПАСНОСТЬ

Руководством и работниками Акадырской механизированной дистанции пути начаты работы по сплошной смене рельсовых опор новыми современными материалами на станции Алматы-2.



На сегодняшний день произведена замена старых шпал рельсошпальными решетками с эластичным скреплением с двойным запасом прочности от опрокидывания рельсов под названием фоссло в объеме более 1 800 погонных метров.

– Скрепление состоит из путевого шурупа, упругой клеммы, бокового упора, прокладки, дюбеля, бетонной шпаль, рельсов. Стоит отметить, что разборка и укладка рельсошпальной решетки производилась при помощи складных кранов. Работы ведутся по графику, – сообщил главный инженер предприятия Даулет Косыбай.

Стоит отметить, что последний раз укладка деревянных шпал на 1, 2, 4-м приемоотправочных путях станции Алматы-2 была произведена 42 года назад.

– Ежегодно работниками предприятий филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Акадырская механизированная дистанция пути» выполняется план по оздоровлению пути магистральной сети. Также в ПЧМ Акадыр делается большой упор на улучшение условий труда, обеспечение прав работников, а также организацию отдыха и качественное медицинское обслуживание, – подчеркнул Даулет Косыбай.

В настоящее время вахтовым методом трудятся более 450 работников по всему Казахстану. Помимо Карагандинского региона ими осуществляются ремонтные работы в Костанайской и Восточно-Казахстанской областях, а также на станции Алтынколь по расширению приемоотправочных станционных путей с целью увеличения пропуска грузовых поездов, по участку Алтынколь – Хоргос.

В текущем году совместно с департаментом пути и сооружений АО «НК «ҚТЖ» были выполнены задачи по приобретению новой железнодорожной техники – складочного крана, моторных платформ и другой спецтехники.

Фото автора

ШОЙЫНЖОЛ ТАРИХЫН ТОЛЫҚТЫРАДЫ

Теміржолшылардың бастамасымен Қазақстан теміржолының 120 жылдығы аясында Астана локомотив пайдалану депосының тарихы туралы кітап жарық көрді.



Кітаптың жарыққа шығуына бастамашы болған депо директоры – Дулат Ахмадиев. Ал авторлары мен құрастырушылары – музей меңгерушісі, Құрметті теміржолшы, бұрынғы машинист-нұсқаушы Владимир Ульяненко, депо ардагері Далабай Байғожин және локомотивтерді жөндеуді бақылау бөлімінің инженер-технологы Ләйла Фабдулина.

«Ұлы жолдың даму кезеңдері. Астана локомотив пайдалану депосының тарихы мен тағдыры» деп аталатын кітап тарихи құнды деректер мен ескі фотосуреттерге толы. Негізгі «қара жұмысты» атқарған кітапты құрастырушы

Далабай Байғожин 8 тарау, 137 беттен тұратын жинақты құрастыру үшін депода істеген династрия өкілдері мен байырғы қызметкерлерден және олардың туыстарынан ақпарат жинап, қызықты архив материалдары мен фактілер тапқан.

– Менің педагогика білімі бойынша ғылыми дәрежеме бар. Кітап шығару ісіне араласуымды сұрағанда қатты қуандым. Депо бастығы кітап бәріне ұғынықты, жалпы оқырманға түсінікті тілде жазылғаны жөн деп кеңес берді. Біз бұл жұмысы жан-тәнімізбен толы. Негізгі «қара жұмысты» көптеген мағлұмат таптық. Сөз

жоқ, шойынжол тарихын толықтыратын жинақ болмақ, – дейді Д.Байғожин.

Жинақта депоның құрылған кезінен бастап, ең алғашқы пойыздың Ақмола өңіріне келген сәттері, осы жолда тер төккен династриялар, Құрметті теміржолшылар туралы кенінен ақпараттар берілген. Әсіресе соғыстан кейінгі жылдардағы депоның даму жолы жан-жақты баяндалып, бүгінге дейінгі тарихы тарқатылған. Депо машинистері Қазақстанда Тальго пойызын алғаш болып тізгіндеп, озық жүйелерді енгізу сәттеріне кәу болғаны жазылған. Бүгінгі таңда Астана локомотив пайдалану депосы – ҚТЖ желісінде елордадан Көкшетау, Есіл, Қарағанды, Екібастұз бағытына және кері бағытта жүретін жолаушылар және жүк пойыздарына қызмет көрсететін жетекші кәсіпорының бірі.

Ұлан ОРАЗ

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



ҰЙЫМ ТӨРАҒАСЫ АУЫСТЫ

«AMANAT» партиясының «ҚТЖ» ҰК АҚ бойынша бастауыш ұйымының жаңа төрағасы сайланды.

Осыған орай компанияда партияның Есіл ауданы бойынша филиалының ұйымдастыруымен өткен бастауыш партия ұйымының отырысы өтті. Партияның Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек пен осы ауданның партия ұйымының бірінші хатшысы Санира Жүсіпова қатысқан жиынның күн тәртібінде партия ұйымының бірінші тоқсандағы жұмысы туралы есебі де тыңдалды. Бұл туралы бұған дейінгі бастауыш ұйым төрағасы болған Батыр Котырев

баяндады. Оның айтуынша, қазіргі таңда ҚТЖ бастауыш партия ұйымының 900 мүшесі бар. Биыл теміржолшылардың партия ұйымы тағы 14 адамға толыққан. Осы жылы бастауыш партия ұйымында онлайн-қоғамдық қабылдау ашылып, QR-кодты бар ақпараттық баннер қоғамдық орындарға ілінген.

«Бұл бастама партияның елорда филиалымен арадағы өзара іс-қимылды нығайтып, негізгі өтінділер мен өтінді берушілердің базасын қалыптастыруға ықпал етеді. Теміржолдағы партия

өкілдері кез келген мәселе бойынша көмекке онлайн хабарласа алады», – деді Б. Котырев.

Одан әрі компанияның бас инженері Батыра Котыревтің «ҚТЖ» ҰК АҚ оқумен болып тағайындалуына байланысты оның ешбір партияда мүше бола алмайтындығы назарға алынып, оның орнына бірауыздан компанияның әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабылова сайланды. Отырыста партияның Астана қалалық филиалы өкілдері Батыр Котыревтің ұйым жұмысын дамытуға қосқан үлесін атап өтіп, Алғыс хатпен марапаттады.

Раихан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Спорт

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ТРАДИЦИИ И ЕДИНСТВО

Более 100 железнодорожников собрали в Астане соревнования по национальным видам спорта, приуроченные ко Дню государственного языка. Обязательным условием для участников было наличие национальной одежды или ее элементов.



Напомним, ранее руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимжаев призвал коллег поддерживать инициативу Комиссии по реализации государственной языковой политики при Правительстве РК и отмечать каждую среду День государственного языка – говорить и вести переписку на казахском языке, дополнив внешний облик элементами национального костюма.

В состязаниях по асық ату, арқан тарту, армрестлингу и гиревому спорту, организованных в минувшую среду департаментом социальной политики АО «НК «ҚТЖ» совместно с Сектором развития государственного языка, могли принять участие все желающие работники из центрального аппарата и структурных подразделений компании, дислоцирующихся в Астане. Однако география расширилась благодаря команде КВН «ҚТЖ.kz», которая приехала в столицу на игры 1/8 национальной лиги «Жайдарман», – ее представители из разных регионов Казахстана изъявили желание поучаствовать и в соревнованиях по национальным видам спорта в ҚТЖ.

Победителей и призеров в асық ату, армрестлинге и гиревом спорте (16 кг и 24 кг) определяли в личных зачетах среди мужчин и женщин, а арқан тарту (перетягивание каната) – в командном. Самыми массовыми стали состязания по асық ату – они собрали более 40 участников. Среди мужчин в меткости и ловкости обошли всех Нурмухамед Ниязбаев и Тулеген Утегенов, поделившие первое место на двоих. На втором – Беймбет Аушахан и Кайрат Науанов. Замкнули тройку лидеров – Әділжан Жунусов и Мұқағали Қасқарбек.

Среди прекрасной половины первой стала Айгуль Абдрахманова. В шаге от нее – Дана Исмаганбетова. На третьей ступени – Зейне Мырзамуратова.



Лучшим в поднятии 16-килограммовой гири оказался Алимжан Атаканов, а 24-килограммовой – Ержан Жанауов. Первым среди мужчин в армрестлинге стал Руслан Ескенеев. А среди женщин, как всегда, не было равных чемпионке мира из ҚТЖ Алле Штрошерер.

Команда кавээнщиков «Жайдарман» доказала, что они не только самые веселые и находчивые железнодорожники, но и самые сильные – у них первое место в арқан тарту. На втором – работники Центра диагностики пути. Третье – у представителей юридического блока компании.

– В нашей команде КВН играют железнодорожники из Астаны, Актөбе, Атырау, Усть-Каменогорска, Караганды, Кызылорды и других городов. 8-9 апреля выступили на 1/8 национальной лиги «Жайдарман». Заранее собрались в столице для подготовки и, узнав о соревнованиях по национальным видам спорта в ҚТЖ, решили принять в них участие. И очень рады победе, – поделился дежурный вокального комплекса «Нұрлы жол», профком, капитан команды КВН «ҚТЖ.kz» Бейімбет Ұлазбек. – Такие соревнования поднимают коллективный дух, спорт – это всегда здорово, а тем более, когда он сочетает в себе национальные традиции и единство.

В церемонии награждения победителей и призеров принял участие руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимжаев. Он поблагодарил коллег за поддержку доброй инициативы и пожелал успехов в работе и спорте.

Любовь РОВБА, Астана
Фото Александра ЖАБЧУКА



ҮЗДІК ҮШТІК АНЫҚТАЛДЫ

Тоғыз жолдың торабы Шу станциясында теміржол мекемелері арасында волейболдан турнир өтті.

Қазақстан теміржолының 120 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған спорттық шараға ФПРОФФ – 8 спорт нұсқаушылары бастамашы болып, салалық кәсіподақ демеушілік жасады.

Турнирге аймақтағы ШЧ-35, ЭЧ-22, ПЧМ, УПЧ-50, ТЧЭ-30, ВЖДО, ВП-36 – жалпы 7 команда қатысып, өзара сынға түсті.

Волейбол – спортшылардың бабы сыналатын жарыс. Ойынның

СТАЛИ ПОПУЛЯРНЫМИ

Отборочные соревнования по национальным видам спорта тоғызқұмалақ и асық ату прошли среди предприятий железной дороги Защитинского узла. В них приняли участие работники Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37), Защитинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-28), вагонного и локомотивного хозяйств. Станция Оскемен-1 подготовила сразу две команды.

Приветствуя участников, представитель Центрального совета АО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева подчеркнула, что организаторы посвятили турнир светлом празднику Наурыз. Кроме того, из лучших игроков формируют сборную региона, которая в конце апреля отправится на республиканские соревнования АО «НК «ҚТЖ» по асық ату и тоғызқұмалақ в Караганду.

Это было очень азартно и захватывающе даже со стороны. Большейши с готовностью эмоционально поддерживали своих любимых игроков. В итоге первое

и третье места в соревнованиях по асық ату заняли команды станции Оскемен-1, второе – Оскеменское эксплуатационное локомотивное депо.

В турнире по тоғызқұмалақ среди женщин первое место заняла начальник отдела бухучета Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Салтанат Махабаева, второе – Асыл Қалишқарова из ПЧ-37. Среди мужчин в этом виде спорта первое место занял Біржан Қопанов (ШЧ-28), а второе – Аслан Жаутаев (ВЧД-24).


– Мне очень понравились соревнования, – говорит Салтанат

«тағдырын» командадағы негізгі үштіктің сауатты да үйлесімді әрекеті шешеді. Сондықтан әр командада кемінде жетекші үш ойыншының болуы аса маңызды.

Бұл жарыста да командалық ойынның негізгі өрнегіне мән беріп, жақсы ойыншыларды дайындаған ТЧЭ-30, ВЖДО және ШЧ-35 волейболшылары үздік үштікті түйіндеді.

Турнир жүлдегерлеріне грамоталар, кубоктар мен медальдар тапсырылды. Кәсіподақ тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор



РАЗМИНКА ДЛЯ УМА

На станции Караганда-Сортировочная прошли соревнования по шахматам, посвященные 120-летию железной дороги Казахстана, на призы Карагандинского филиала АО «Казпрофтранс».

В мероприятии приняли участие девять команд из всего Карагандинского региона – ТЧЭ-14, ТЧЭ-15 Жанаарка, ВЧД-13 Караганда, ШЧ-22, ШЧ-23, ЭЧ-11, ШЧ-19, ДС Караганда-Сортировочная, станция Нура.

Как отметил председатель Карагандинского филиала АО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, очень важно, чтобы игроки проявляли корпоративный дух, единство и солидарность. Именно эти три составляющих создают здоровый климат в коллективах.

В свою очередь инструктор по спорту Карагандинского филиала АО «Казпрофтранс» Тағат Айманбетов отметил, что шахматы – это бесконечные упражнения для ума, которые развивают умственные способности и вырабатывают такие навыки, как критическое мышление, концентрация, абстрактное мышление, решение проблем, распознавание образов, стратегическое планирование, творчество, анализ, синтез и оценка.

По итогам турнира первое место заняла команда ДС Караганда-Сортировочная, в составе которой Айдос Едил, Кайрулла Омаров и Алуа Бижанова. Второе – ТЧЭ-14, в составе – Андрей Зайцев, Евгений Терюков, Галина Золотухина, третье – ЭЧ-11 – Асан Каскарбаев, Ержан Мухамедов.

Все победители были награждены кубками и ценными призами. Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

«TRI INDOOR» ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Семей магистральдық желі бөлімшесінің өндірістік-техникалық бөлімі бастығы Нұрлан Бегәділов түрлі республикалық сайыстарға теміржолшылар атынан қатысып, бақ сынап жүр. Жуырда ол елорда төрінде өткен ерекше сайыста топ жарды.



Нұрлан бұл жарысқа 40 жастан жоғарылар тобында қатысты. Сайыс талабы бойынша әр қатысушы әуелі 10 минут бойы жүзіп жарысып, 25 минут велотренажерде жылдамдығын көрсетіп, соңында 15 минут бойы жасанды жүгіру жолағында ептілігін байқатуы керек болатын. Осылайша санаулы уақыт аралығында барлығынан да

жоғары жылдамдық көрсеткен Абай елінен барған спортшы қорытынды нәтиже бойынша бас жүлдені қанжығаға байлады.

– Бұл жарыста жеңіске жету оңайға түскен жоқ. Себебі қатысушылардың барлығы дерлік фитнес залда жаттығып шыныққан әуесқой спортшылар. Әсіресе суда жүзу бойынша өткен сында төзім мен өзіндік әдіс-тәсіл қолдану қажет болды, – дейді пікір білдірген Нұрлан Бегәділов.

Астанадан чемпионаттың алтын медаліне ие болып, бағалы сыйлық алып қайтқан теміржолшы елге оралысымен жаттығуды қайтадан бастап кетіпті. Себебі жеңіл атлетиканың сан түрі бойынша жарыстар маусымы енді басталмақ.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Әмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол»

автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.